




БАЯУ ИНФЕКЦИЯ.
ПРИОНДЫҚ АУРУЛАР


ЖМ-104

Шакирова Н


ЖОСПАР

- ❖ 1) Баяу инфекция
- ❖ 2) Оның Түрлері
- ❖ 3) Құтыру
- ❖ 4) Приондық аурулар
- ❖ 5) Пайдаланылған әдебиеттер:





❖ Баяу инфекция — инфекциялық патологияның өзгеше бір түрі. Оның ерекшеліктеріне вирустың организмде ұзақ сақталуы, аурудың жасырын мерзімінің ұзақтығы және сылбыр өтуі, алғашқы кездердегі клиникалық белгілерінің анықсыздығы жатады және міндетті түрде өліммен аяқталады. Ауру қоздырғышының түріне сай баяу инфекция екіге бөлінеді.



Бірінші топқа ДНҚ және РНҚ-ды вирустар туғызатын 14 аурулар жатады. Олардың ішінде құтыру, СПИД, жасөспірімдердің склероздаушы панэнцефалиті, лимфоцитарлық хориоменингит т. б. бар. Екінші топқа приондар туғызатын трансмиссивті кеуекті энцефалопатиялар жатады. Олардың ішінде ең көп зерттелгендері куру, скрепи, Крейтцфельда-Якоб аурулары. Қалғандарының қоздырғыштары әзір белгісіз.

СКРЕПИ



Courtesy of Dr. Michelle L. Crocheck, USID/APHIS-USAMISL



ҚҰТЫРУ

❖ Құтыру — құтырған хайуанаттардың: иттің,

мысықтың, түлкінің, қасқырдың шакалдың

қабуынан немесе тістеуінен пайда болады.

Жарқанат және басқа хайуандар да құтыруды

таратушы болуы мүмкін.

ҚҰТЫРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Хайуандарда

- ❖ Бір түрлі күйде болады, кейде сұлық жатады, мазасызданады, ашуланшақ болады;
- ❖ Аузы көбіктенеді — ішіп-жей алмайды;
- ❖ Жанына жолағанның бәрін қауып, тістеуі мүмкін.
- ❖ Хайуан 5 күн 7 күннің аралығында өледі



ҚҰТЫРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

❖ Адамдарда

- ❖ Тістеген жер ауырып, ысиды;
- ❖ Алқынып демалады, түрі жаңа гана жылаған адам сияқты болады;
- ❖ Ауырсынып және қиналып жутынады, аузының сілекейі қоюланып, желімдесе береді;
- ❖ Адамды үрей билейді, ашуланшақ келеді, құтырынып, алас урады;
- ❖ Өлім алдында талма ұстап, дене құрысып сал болып қалады.



АЛДЫН АЛУ

❖ Құтырды деп сезік туғызған кез келген хайуанды өлтіріп, көміп тастаңыз (немесе бір апта бойы үйшікте ұстаңыз);

❖ Иттерді вакцина жасау жөніндегі шараларға қатысыңыз;

❖ Ауырған сияқты көрінген немесе мінезінде өзгеріс болған кез келген хайуаннан бала-ларды аулақ ұстаңыз.


❖ Ауырған сияқты көрінетін немесе мінезінде өзгеріс бар хайуандарға көңіл бөліп, барлық сақтық шараларын қолданыңыз. Тіпті ол ешкімді тістеп қаппағанда да оның сілекейі дененің кесілген немесе жырылған жеріне түссе құтыру туғызады.


ПРИОНДЫҚ АУРУЛАР

❖ Приондар (зардапты белоктар) — қойлардың скрепи және адамдардың Крейцфельдт-Якоб ауруларының қоздырғыштары. Белоктардан тұрады, құрамында не РНҚ, не ДНҚ табылмаған. Олар торшаның бір ерекше гендерінің индукторы және туындысы деген болжам айтылып жүр.


ПРИОНДЫҚ АУРУЛАР

Бұл түр 1996 ж. Великобританияда байқалған болатын. Қоздырғыштың жұғу жолдары, ауру патогенезі осы күнге дейін әле де толық зерттелмеген.







❖ Бірақ та, белгілі болған жағдай ауруға ұшыраған адамдардың ағзасында приондардың ең жоғары қанықпасы лимфа тіндерінде анықталады. Бұл жағдайда приондар ауру адамнан сау адамға стоматологиялық араласу кезінде жұғу мүмкін





❖ Мысалға, приондар жұқтырылған жануарлардың ағзасында приондар үшкіл жүйкесінде, сілекей бездерде жиналған. Тіл жаралануы инфекция жұғынуын 1 000 000 есе тездетеді. Тіл ішінде көптеп орналасқан жүйкелер арқылы приондар мийға тез жетеді. Ал приондарды тікелей мийға енгізген жағдайда қысқа мерзімде олар тілде анықталынады.






❖ XX ғасырдың 70 жылдарда приондардың тарау жолдарын зерттеу үшін осындай тәжірибелер жүргізілді. Тышқандардың қызылиектерін стерилді саймандармен жаралап немесе кейбіртiстердi жулып тастап пайда болған жараларды приондық ауруы бар тышқандардың жүйке тiнiң гомогенатымен өннедi. Нәтижесiнде барлық тышқандар аура бастады. Екiншi тәжірибиде гомогенатпен жаралмаған сау қызылиектердi өннедi, нәтижесiнде тышқандардың 70 % аура бастады. Ұшiншi тәжірибиде приондық ауруы бар тышқандардың қызылиектерiн зақымдап, олардың ауыз шайындысын сау тышқандардың мийына енгiздi, нәтижесiнде тәжірибеге алынған тышқандардың әр бiр оныншы тышқан ауруға тап болды.





❖ Сау ағзаның приондық протеиндер приондармен жанасқанда приондарға айналуы мүмкін. Бұл жағдай, мысалға, хирургиялық арапасу кезінде болуы мүмкін, егер медициналық саймандар приондармен ластанған болса. Приондар әдетті дезинфекциялық әдістерге төзімді болады. Ионизациялық, ультракүлгін және микротолқынды сәулелер бұларға әсер ете алмайды. Стоматологияда пайдаланатын дезинфектанттардың бұларға әсері де шамалы. Ең күшті әсер оксидациялық әрекеті бар дезинфектанттар көрсетеді. Приондар жоғары температураға шыдамды болады.



❖ Автоклавирулеу приондарды жойымайды, әсіресе приондар шыны немесе металл бетінде кеуіп қалған болса. Стоматологиялық саймандарды тазарту өте қиын болады, өйткені олар өзі кішкентай және жұмыстық келбеті тазартуға келмейді (борлар, эндодонтикалық саймандар). Егер де стоматологиялық араласулар приондарды жұқтыру жолында маңызды рөл атқаратыны дәлелделсе, онда тек бірреттік стоматологиялық саймандарды пайдалану жөн. ДДҰ принциптері бойынша приондық ауруы бар науқасқа немесе бұл ауруға күмәнді пациентке стоматологиялық араласуларды тек бірреттік саймандармен жүргізу міндет.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

❖ www.google.kz

❖ www.refarat.kz

❖ Б.А.Рамазанова, Қ.Құдайбергелұлы, А.Л.Котова, А.А. Табаева – Медициналық микробиология

❖ Зейін қойып

тыңдағандарыңызға

рахмет!!!